

Шетелдіктердің нақты мемлекеттердегі бекітілген құқықтары мен бостандықтарының көп түрлілігіне қарамастан, мемлекеттер осы көлемді анықтауда қазіргі кездегі халықаралық құқықтағы адам құқықтарын қорғау қағидаларын, сонымен қатар шетелдіктердің құқықтық жағдайына қатысты арнайы қағидалардың талаптарын басшылыққа алуға міндетті. Шетелдіктердің құқықтарының, міндеттерінің көлемін анықтау — әрбір мемлекеттің ішкі құзырындағы мәселе. Дегенмен мұндай бекітілім мемлекеттің бұл саладағы құқығы шектелмеген деуге болмайды.

Мемлекеттер өз елінде шетелдіктердің құқықтық жағдайын анықтай отырып, қазіргі кездегі халықаралық құқықтық негізгі қағидаларын, сонымен қатар өзі қатысушы болып табылатын нормаларды сақтауға міндетті.

Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтары ретінде Қазақстанның азаматы болып табылмайтын және басқа мемлекеттің азаматтылығында екендігі туралы дәлелдемелері бар тұлғалар танылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы Қаулысымен бекітілген «Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібі» / Заң деректер базасы.
2. Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 30 тамызындағы Конституциясы (1998 жылдың 7 қазанындағы өзгерістер мен толықтырулармен қоса). — Алматы: Баспа, 2008. — 28 б.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымындағы «Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы» заң күші бар Жарлығы. — № 2338 / Заң деректер базасы.
4. Тункин Г.И. Международное право. — М.: Юрид. лит-ра, 1994. — 512 с.

ӨОЖ 343.85:351.745

Д.А.Уақасов

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ІЗДЕУ ТОПТАРЫМЕН ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУ БАРЫСЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІЗДЕУ-БӨГЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

В данной статье автор рассматривает основные правовые проблемы, касающиеся вопросов организации и реализации поисковых мер во время раскрытия и расследования преступлений поисковыми группами органов внутренних дел.

In this article author considered the main legal rules concerning organization and realization of searching measures during disclosing and investigating of crimes for reconnaissance groups of police.

Әрине, еліміздегі заңға қарсы іс-қимылдарды, демек, қылмыстарды ашу мен тергеу барысында, ұйымдастырушы-басқарушылық қиындықтарды жою тергеуші мен жедел қызметкерлердің іздеу-барлау мен ақпараттық-зерттеу қызметін жүзеге асыру мен жетілдіруге, олардың тактика-психологиялық мүмкіндіктерін маңызды түрде жоғарылатуға жайлы жағдайлар туғызады. Бұл, өз кезегінде, құрылған іздеу топтарымен қылмыстарды ашу мен тергеу барысында қалыптасқан жағдайларды тиімді шешу нәтижелелерін және іздеу-бөгеу шараларының тиімділігін жоғарылатады.

Іздеу топтары дегеніміз — ішкі істер органдарының жедел қызметкерлерін және қылмысты ашу бойынша іздеу жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында қатыстырылатын басқа тұлғаларды (жәбірленушілерді, куәларды және тағы басқаларды) қамтитын, қылмыстық іс бойынша анықталған міндеттерді шешуге арналып құралатын арнайы ұйымдастырылған құрылымдар.

Іздеу-бөгеу шараларын жүзеге асыру дегеніміз — бұл іздеу болжамдарын құрумен, типтік іздеу кестелерімен, іздеу міндеттерін шешу тәсілдерімен, қылмыс жасауда сезіктілер мен кінәлілердің орналасу орнын болжаумен және оларды анықтап, ұстаумен қамтамасыз етілетін ойлы қызмет [1].

Ғалымдардың көзқарасына сүйенсек, нақты осы іздеу топтарымен зерттелетін іздеу жағдайы ғана криминалистика мен жедел-іздістіру қызметі теориясының жалғаспалы ынтымақтастығы мен әрекеттестігіне жол ашады, себебі бұл ғылыми санат олардың шиеленісу аймағында орналасқан. Екі ғылымның ғылыми аппараттарына тергеулік жағдайдың бір түрі ретінде «іздеу жағдайын», «өзекті мәселелі жедел-іздістіру жағдайын» [2] және басқаларын енгізу, біздің және көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, екі жеке ғылымның ынтымақтастығы мен әрекеттестігіне объективті әсер етеді, криминалистиканы құқық қорғау органдарының тергеу және жедел аппараттарымен қылмыстарды ашудағы іздеу қызметінің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуы туралы біліммен маңызды түрде толықтырады.

Іздеу жағдайын іздеу-бөгеу жұмысының кез келген кезеңіндегі іздеу және басқа да ақпараттардың көлемімен анықталады. Бұл ақпараттардың толық түрде тіркелуі, әсіресе жүргізілетін шараның мақсатын анықтауда, оған жету нұсқаларын таңдауда, тергеуші мен жедел қызметкердің мүмкіндіктер кешенін анықтауда, олармен тандалған іс-қимыл нұсқасын жүзеге асыруда маңызды.

Қылмыстарды ашу мен тергеу барысында тергеуші мен жедел қызметкердің іздеу қызметінде «қарсы әсер етуші» деп аталатын күрделі жағдайлар туындайды. Ол өзіндік факторлар тізбегімен мінезделеді, мысалы: уақыт пен ақпараттың аздығы, іздеу жағдайының белгісіздігі мен болжамды мінезі, қабылданушы шешімдер үшін жоғары жауаптылық.

Ең алдымен оларға келесілерді жатқызуға болады:

- әр түрлі объектілердің — криминалистикалық маңызды ақпарат қайнар көздерінің бар екендігінің әр дәрежелі болжамдығы;
- іздеудегі объектілердің нақты мінездемелерінің жоқтығы;
- іздеудегі объектілердің жоғалып кету мүмкіндігі;
- мақсатқа жетпеді негіздейтін жағымсыз салдардың пайда болу мүмкіндігі.

Жедел-тергеу тәжірибесінің талдауына сәйкес іздеу топтары іздеу-бөгеу шараларын жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-іздеу нысанын қамтиды да, қылмыстарды ашу мен тергеу барысында алынған ақпаратты жүзеге асырады.

Іздеу топтары тек процессуалды ақпаратты ғана емес, жедел қайнар көздер мен арналардан алынған тыңшылық хабарламалардағы, сырттай бақылау мәліметтеріндегі және тағы басқа ақпараттарды өңдейді және жүзеге асырады. Сонымен қатар іздеу топтары ақпараттың нағыз (субъективті) үлгісімен қатар (жәбірленушінің, куәлардың, сезіктілердің, айыпталушылардың және тағы басқа тұлғалардың айғақтары), материалды-ақпараттық бекітілген үлгісін (оқиға болған жерді қарау уақытында, басқа да тергеу іс-қимылдарын жүргізу барысында табылған іздер) де өңдейді де, қылмыстарды ашу мен тергеу барысында қолданады.

Олардың қызметі криминалистикалық маңызды ақпараттың қайнар көздерін анықтауға, олардан жедел көңіл бөлінетін тұлғалар туралы ақпарат жинап, қылмысқа қатысы бар деп сезіктелген жеке тұлғаларды немесе кінәлілерді анықтау мен ұстауға бағытталған іздеу-бөгеу шараларын жүзеге асыруды қамтиды және қылмыстың тек криминалистикалық мінездемелеріне ғана негізделіп құрылуы екіталай, сонымен қатар қалыптасушы жағдайларды да ескерген жөн.

Қылмысты ашу мен тергеу үдерісінде қалыптасатын жағдайларды оқып-білу мен бағалау тергеуші мен жедел қызметкердің ойлану қызметінің логикалық, эвристикалық және сезімталдық нысандарында жүзеге асырылады. Бұл үдеріс жеке іздеу шараларын немесе олардың кешенін, тергеу іс-қимылдарын және нақты міндеттерді шешуге арналған басқа да шараларды жүргізу үшін шешім шығару мақсатында болжамды объектілер — криминалистикалық маңызды ақпарат қайнар көздері туралы мәліметтерді жинау, өңдеу және бағалау түрінде көрініс табады.

Криминалистикада жағдайлық көзқарасқа негізделіп отырып, ұйымдасқан қылмыстық топтарға тән криминалды жағдайлардың әр түрлі аспектілері қарастырылады немесе, мысалы, криминалды құрылымдардың қылмыстық істі тергеуге «қарсы әсер етуінде» туындайтын тергеулік жағдайлардың белгілері талданады [3].

Іздеу қызметіндегі іздеу-бөгеу шараларына белгісіздік элементтері тән. Олардың бірыңғай шешімдері болмағандықтан, ең алдымен, ақпараттың аздығынан, оның әр түрлі бағалануынан және қарсылығынан қиындық туындайды.

Іздеу-бөгеу қызметіндегі криминалистикалық ақпарат қайнар көздерін іздеуде белгісіздіктің мінездемесі мен ерекшеліктерін оқып-білу ұғынушылық көзқарастың мол маңызын көрсете біледі, себебі бұл қызметтің субъектісі нақты анықтау мүмкін емес жағдайларда әрекет етеді де, жоғарғы мәселелік (қиындық) жағдайына душар болады.

Бұл үдеріске белгісіздік факторын енгізу оның ұғынушылық-психологиялық және тәжірибелі-праксиологиялық мазмұнын байытады [4].

Белгісіздіктерді жою тәсілдерін таңдау — шектеулі қиын және шығармашылықты үдеріс, себебі іздеудегі объект туралы тексерілген және бір мағыналы ақпараттың жоғында жүзеге асырылады. Іздеу жағдайының осы белгісіне назар аудару, әсіресе ғылыми зерттеудің криминалистикалық ақпарат қайнар көздерін іздеу үдерісінде ұйымдастырушылық-басқарушылық, тактикалық-психологиялық және логикалық-ұғынушылық әдістер мен тәсілдерді жалпылау үшін маңызды [5], бірақ бұл жерде белгісіздік факторларының әсерінен толығымен «кұтылу» мәселесі қозғалып тұрған жоқ (тәжірибеге сай, бұл мүмкін емес), керісінше, іздеу жағдайын тиімді шешу бойынша нақты шешімдер мен тәжірибелік іс-қимылдар кешенін таңдау мақсатында оны терең талдау мен бағалау қажеттілігі туралы пікірлер айтылуда.

Пайда болу нысандары мен мазмұны бойынша белгісіздік бірқалыпты жаратылыс емес. Осымен байланысты ұғынушылық және қоғамдық қызмет үдерісіндегі белгісіздіктің көлемді де жан-жақты аймағы бар екенін ұмытпаған жөн, сондықтан тергеуші мен жедел қызметкер қылмыстық іс бойынша іздеу-бөгеу шараларын жоспарлау мен жүзеге асыру барысында оларды есепке алуы қажет.

Сөйтіп, іздеу-бөгеу қызметінің жүйекүрушы факторлары ретінде бірнеше объектілерді қарастыруға болады: криминалистикалық ақпараттың қайнар көздері және қалыптасқан іздеу жағдайының мінездемесі. Қылмыстық іс-жүргізу заңдылықтарына көз сала отыра, белгілі ғұлама ғалымдардың көзқарастарымен пікір таластырсақ, «қылмыстық іс бойынша дәлелденуі міндетті жағдайлар — қылмыстық істі дұрыс ашуға және кез келген нақты жағдайда сот өндірісінің міндеттерін шешуге арналған зерттелуші жағдайдың маңызды белгілері мен байланыстарын көрсететін жағдайлар жүйесі» деген қорытындыға келуге болады [6].

Бұлар келесі жағдайлар:

- қылмыс жағдайы (қылмыстың жасалу уақыты, орны, тәсілі және басқа да жағдайлары);
- қылмыс жасаудағы айыпталушының кінәлілігі, жасалған іс-қимылдың ниеті;
- жауаптылықтың дәрежесі мен мінезіне әсер ететін және айыпталушының жеке тұлғасын мінездейтін жағдайлар;
- қылмыспен келтірілген зардаптың сипаты мен көлемі;
- қылмыс жасауға себеп болған жағдайлар.

Арнайы әдебиеттерде осы жағдайлардың жеткілікті де жоғары дәрежедегі түсініктер болып табылатыны айтылады. Қылмыстардың криминалистикалық мінездемесі осы тұрғыда олардың типтік элементті-компоненттік құрамын анықтайды:

- қылмыскер;
- мақсаттар мен міндеттер;
- ниет;
- дәлелдеу заты;
- қылмыстық мақсатқа жету құралдары (іс-қимылдар, қылмыс жасау тәсілдері, қылмыс құралдары т.б.);
- қылмыстың механизмі мен салдары;
- іс-қимыл (қимылсыздық) мен салдар арасындағы себептік байланыс [7].

Жалпы айтқанда, бұл көзқараспен келісуге болады, бірақ ол нақтылау мен қосымшаларды қажет етеді. Іздеу топтарының іздеу-бөгеу шараларын жүзеге асыру бойынша қызметіне тек криминалистикалық мінездеме ғана емес, қылмыстың қылмыстық-құқықтық, криминалистикалық, жедел-ізвестіру мінездемелері, қылмыс болған аймақтағы жедел жағдайлар да негіз бола алады.

Әрқилы криминалистикалық ақпарат үлгісін өңдеу мен жүзеге асыру, біздің көзқарасымыз бойынша, іздеу жағдайының мазмұнына байланысты келесі нысандарда жүргізіледі.

Бірінші нысан: «Жәбірленушіден қылмыскерге», «қуәдан қылмыскерге», «сезіктіден, айыпталушыдан қылмыскерге», демек, іздеу жүргізуде қылмыскерге криминалистикалық ақпарат қайнар көздерін қолдану арқылы шығу (қылмыскердің немесе ұрланған мүлікті болжамды сатушының бейнесі). Мысалы, В.А.Образцов «тану» тәріздес іздеу шаралары қылмыскердің болжамды пайда болар орындарында оның бейнесін ойша құрастырушының көмегімен жүзеге асырылуы қажет екенін атап өткен [8].

Қылмыстарды ашу мен тергеу барысындағы іздеу-бөгеу шараларын жүргізудің негізін қалаушы бағыты болып қылмыскердің ақпараттық үлгісі саналады. Сол уақытта іздеу топтары іздеу жүргізудің басқа да ақпараттық үлгілерін қолдануы мүмкін.

Екінші нысан: Бұл нысан іздеу-бөгеу шараларын жүргізу барысында криминалистикалық ақпарат қайнар көздерін қолдану мүмкіндігі болмаған немесе криминалистикалық ақпарат қайнар көздерінің жоқтығымен (жәбірленуші немесе куә өліп қалған, өлтірілген және тағы басқа себептермен) байланысқан жағдайларда жүзеге асуы мүмкін: «жалған жәбірленушіден қылмыскерге», «болжамды жәбірленушіден қылмыскерге». Сонымен қатар ұқсас немесе латентті қылмыстарды (мысалы, көптеген зорлау қылмыстары бойынша жәбірленушілер құқық қорғау органдарына арызданбайды) зерттеуге ерекше көңіл бөлінген жөн.

Іздеу топтары, тәртіпке сай, қылмысты «ізін суытпай» ашу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық іс бойынша құрылады. Тергеу тәжірибесінің талдауына сүйенсек, тергеу барысында сезіктінің сыртқы белгілері, қылмыстың жасалу тәсілі және қоғамға қауіпті іс-қимылдың басқа да кейбір жағдайлары (сезіктіде іздердің қалып кетуі немесе жүріс-тұрыс белгілері) анықталғанда, нақты қылмысты ашу үшін іздеу топтары құрылуы мүмкін. Осымен бірге аталған белгілер тиімді іздеу үдерісін қиындататын шамаға жуық сипатта болуы мүмкін. Жоғарыда көрсетілгендей, іздеу объектісінің тек толық анықталғанында ғана іздестіру үдерісі жүзеге асырылады.

Іздеу топтарының іздеу-бөгеу жұмысын ұйымдастыру үшін белсенді іздеу режимі қолданылады. Іздеу қызметінің негізін ұқсастықты, бірыңғайлықты, айырмашылықты анықтайтын психологиялық операцияларды таңдау бойынша шешім қабылдауды қамтитын қабылдау үдерісі кұрайды.

Қабылдау дегеніміз — қабылданушы (зерттелуші) объектіні зерттеуге және оның көшірмесін құруға бағыттаған іс-қимыл. Қабылдау үдерісі іздеу және тану қозғалыстарына бөлінеді [9].

Криминалистика, педагогика мен психофизикада бір-біріне жақын мағыналас бірнеше термин кездеседі: тану, сұрап білу, табу, айырмашылығын табу және т.б. [10].

Айырмашылығын табу үдерісі келесі жүзеге асырылады:

- іздеу тобының жұмысын ұйымдастыру барысында нақты міндеттерді анықтау;
- дайындық үдерісінде сақталған ақпаратты еске түсіру немесе, керісінше, есінде криминалистикалық ақпарат қайнар көздерінің ойдағы бейнелерін құру;
- есіне түсірген объектілерді, ойдағы бейнелер мен заттарды біріктіру, салыстыру;
- іздеу объектілерін тану немесе танымау.

Іздеу топтарының іздеу-бөгеу шараларын жүзеге асыру барысындағы негізгі міндеттері:

- белгілері бойынша іздеудегі қылмыскерлерге ұқсас тұлғаларды анықтау, ал оларды тапқан кезде ұстау;
- қылмыскерді жаңа, әсіресе ұқсас қылмыс үстінде ұстау;
- денесінде, киімінде қылмыстың іздері бар тұлғаларды анықтау;
- қылмысқа қатысты болуы мүмкін тұлғаларды әрқилы жүріс-тұрыс белгілері бойынша анықтау.

Іздеу топтарының іздеу-бөгеу қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыру өзінің ерекшеліктері мен анықталған қиындықтарына ие. Себебі топ мүшелері тек нақты қылмысқа қатысты тұлғаларды анықтап қана қоймай, сонымен қатар сондай тұлғаларды ұстап, ішкі істер органдарына жеткізулері қажет.

Бұндай жағдайларда іздеу топтарының, демек, күрделі жағдайларда жақсы бағыт алушы ішкі істер органдарының жоғары білікті, мамандандырылған қызметкерлерінен құралған белсенді құрылымдардың іздеу-бөгеу жұмыстары келесі аумақтарда жүзеге асырылады:

- қылмыстың болжамды жасалатын аумақтарында;
- қылмыскердің болжамды қозғалыс бағыттарында;
- қылмыскердің болжамды тұрғын-жай немесе жұмыс орны аумағында (мөлтекаудан, ауыл немесе кәсіпорын, ұйым, мекеме және олардың орналасу аумағы).

Сонымен қатар қарастырулы жағдайлардағы іздеу топтарының жұмыс істеу аумақтары болып қалалар мен ауылдардың көшелері, үйлердің аулалары, қоғамдық көлік аялдамалары, саябақтар және тағы басқалары табылуы мүмкін. Кейбір жағдайларда іздеу топтары көршілес орналасқан зауыттарда, кәсіпорындарда, мекемелерде, ұйымдарда және тағы басқа жерлерде іздеу-бөгеу шараларын жүргізуі мүмкін.

Әрбір нақты жағдайда іздеу топтарының іздеу-бөгеу қызметін ұйымдастыру қылмыстың түріне, оның жасалу орны мен уақытына, сонымен қатар тергеудегі қылмыстық істің басқа да жағдайларына тәуелді болады.

Іздеу-бөгеу шараларын жүзеге асыру үдерісінде болжамды сезіктіні анықтау мен ұстау үшін іздеу топтарының бірнеше түрі құрылуы мүмкін. Бұл, ең алдымен, жаңа қылмыстың болжамды жасалу мүмкіндігіне және қылмыскердің болжамды қозғалыс бағыттарына тәуелді.

Өзінің құрамы бойынша іздеу топтары келесі түрлерде болуы мүмкін:

- куәлармен, жәбірленушілермен және басқа да тұлғалармен біріккен ішкі істер органдарының қызметкерлері;
- арасындағы біреуі «алдаушы» рөлін орындайтын ішкі істер органдарының қызметкері. (Қылмыскерді «қылмыс үстінде» ұстау үшін «алдаушы», немесе жалған жәбірленуші, рөлін өзінің өтілі мен сыртқы белгілері бойынша неғұрлым сәйкес келетін қызметкер ғана орындай алады).

Іздеу топтарының неғұрлым тиімді қызметі үшін жәбірленушілерді, куәларды және басқа да тұлғаларды қатыстырады, әсіресе бұлардың көмегін сезіктіні жақсы есіне сақтап қалған немесе оны сыртқы белгілері бойынша тануы мүмкін жағдайларда қолданған жөн [11].

Жәбірленушілердің, куәлардың және басқа да тұлғалардың өмірі және денсаулығына қатер төнетін жағдайларда, оларды іздеу топтарының жұмысына қатыстыруға қатаң тыйым салынады.

Сонымен қатар *іздеу топтары жұмысының үдерісінде келесі тәртіпті сақтау қажет:*

- қылмыскерді анықтау бойынша шараларды өзгелерден жасырын түрде жүзеге асыру;
- қылмыскерге белгілері және жүріс-тұрысы бойынша ұқсас тұлғалардың, мүмкіндігінше, барлығын анықтау;
- өзгелерге, топ мүшелеріне және әсіресе «алдаушы» рөлін орындаушы қызметкерге, деген зиян келтіруші жағдайларды жою шараларын жүргізу;
- қылмыскердің жаңа қылмыстар жасау мүмкіндігін жою.

Іздеу тобының іздеу-бөгеу жұмысы басталмас бұрын ұйымдастырушылық сипаттағы келесі сұрақтарды шешіп алған жөн:

- іздеу топтарының саны мен олардың құрамын анықтау;
- топ (топтардың) мүшелеріне, сонымен қатар белгіленген шараларға қатысушы басқа да тұлғаларға олардың міндеттерін түсіндіру;
- топ мүшелерін қылмыскердің белгілерімен және жүріс-тұрыс ерекшеліктерімен толық таныстыру;
- топ мүшелерін анықталған бағыттарға, аумақтарға, тұрғылықты жерлерге, кәсіпорындық және әкімшілік объектілерге бекіту;
- іздеудегі тұлғаның субъективті портреттерін, фотороботтары мен фотосуреттерін көбейту;
- топ жұмысы үшін қажетті криминалистикалық, жедел және басқа да техникалық құралдарды дайындау;
- топтың және оның жұмысына қатысушы тұлғалардың жағдайға сәйкес жасырыну мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Осы аталған мәселелерді шешкеннен кейін ғана, іздеу тобы өз жұмысына кіріседі.

Іздеу топтары жұмысының тактикалық аспектілерінің өзіндік ерекшеліктері бар, себебі топ мүшелері өздерінің ішкі істер органдарына қатыстылығын өзгелерден құпияда ұстаулары қажет. Бұл сұрақтар, өкінішке орай, жедел аппараттардың қызметтік құпиясын құрайтын себептен нағыз мақалада қарастырылмайды. Ең маңыздысы — бұл өзінің ішкі істер органдарына қатыстылығын мұқият жасыру және өзін білдіріп қоймау. Іздеу топтарының қарастырулы жұмысын дұрыс және мұқият ұйымдастыра білу, тәртіпке сай, қылмыстың тез және толық ашылуына әкеледі.

Іздеу тобымен жүзеге асырылған іздеу-бөгеу шаралардың нәтижелері сәйкес мәлімдемемен құжатталады. Оны топ басшысы толтырады, онда топтың барлық жұмыс үдерісі және алынған нәтижелер, ал кейбір жағдайларда тактикалық және ұйымдастырушылық мінездегі ұсыныстар көрініс табады.

Сөйтіп, қылмыстарды ашу мен тергеу барысында іздеу-бөгеу шараларын ішкі істер органдарының жедел қызметкерлері мен қылмысты ашу мен тергеу бойынша іздеу-бөгеу жұмысының алдына қойылған мақсаттарына неғұрлым тиімді жету үшін қолданылатын басқа да тұлғаларды қамтитын, сонымен қатар қылмыстық іс бойынша қойылған міндеттерді шешуге арналып арнайы ұйымдастырылған құрылымдар, демек іздеу топтары, жүзеге асырады.

Аталған қызметті атқару барысында іздеу топтарымен жүргізілетін іздеу-бөгеу шараларының үдерісінде көптеген күрделі қиындықтар туындайды. Дегенмен, тек қысқа түсініктегі іздеу қызметін жүзеге асырып қана қоймай, сонымен қатар нақты да тиімді іздеу болжамдарын құру, сапалы деңгейде типтік іздеу кестелерін қолдану, қалыптасқан іздеу міндеттерін тез де толық шешу, қылмыс жасауда сезіктілер мен кінәлілердің орналасу орнын неғұрлым жақын дәрежеде болжау мен анықтау және оларды іздеуге қатысушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, неғұрлым қысқа

мерзімде ұстау арқылы көрсетілген қиындықтарды шешеді де, қылмыстарды ашу мен тергеу барысындағы іздеу қызметіне маңызды нәтиже береді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Самыгин Л.Д.* Расследование преступлений как система деятельности. — М., 1989. — С. 71.
2. *Воронин С.Э.* Проблемно-поисковые следственные ситуации и установление истины в уголовном судопроизводстве. — Барнаул, 2000. — С. 87.
3. *Карагодин В.Н.* Преодоление противодействия предварительному расследованию. — Свердловск, 1992. — С. 118–130.
4. *Бирюков Б.В., Тихомиров О.К.* Принятие решений как предмет методологических и психологических исследований // В кн. *Козелецкий Ю.* Психологическая теория решений. — М., 1979. — 470 с.
5. *Шульц Д.* Теория нечетких множеств и многозначная логика // *Философские науки.* — 1983. — № 6. — С. 121.
6. *Миньковский Г.М.* Понятие предмета доказывания // *Теория доказывания в советском уголовном процессе.* — М., 1973. — С. 139.
7. *Образцов В.В.* Выявление и изобличение преступника. — М., 1992.
8. *Образцов В.А.* Выявление и изобличение преступника. — М., 1997. — С. 74.
9. *О понятии восприятия // Общая психология.* — М., 1970.
10. *Криминалистика.* — М., 1976. — С. 63. Математические модели обнаружения различия // В кн. *Психофизические исследования восприятия и памяти.* — М., 1981. — С. 44–53.
11. *Руководство по расследованию убийств / Под. ред. С.И.Гусева.* — М., 1977. — С. 133.

ӘОЖ 347.93

Қ.Ж.Сатбаева

ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты

АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ САТЫСЫНЫҢ ҰҒЫМЫ, МАЗМҰНЫ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ АЯҚТАЛУЫ

Современное уголовно-процессуальное законодательство существенным образом изменило подходы к правовой регламентации института приостановления производства по уголовному делу. Расширен перечень оснований для приостановления производства по уголовному делу, усилены гарантии прав участников, чьи интересы затрагивает принятие решения о приостановлении и возобновлении производства по уголовному делу. В данной статье рассматриваются понятие, содержание и формы приостановления производства по уголовному делу.

Modern criminal — processual legislation by essential image has change the approaches to legal regulation of the halt production on criminal deal extended list reasons for halt production on criminal deal, escalated warranties of the right participant, whose interests touches decision making about halt and renewal production on criminal deal. In given article are considered notion contents and forms of the halt production on criminal deal.

1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы егеменді Қазақстанды жаңа саяси және экономикалық жүйені қалыптастыруға бағытталған демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде бекітті. Конституция халықаралық-құқықтық актілердің басымдылығын мойындап, мемлекеттің ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылатынын жоғары заңдық деңгейде бекітті.

Құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құру жолында жеке тұлғаның құқықтық қорғалуына, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін нығайтуға алғы дәрежелі маңыз бөлінуі қажет. Қандай да болсын іс жүргізу ретінде қылмыстық іс жүргізу қызметінің саласына тартылған тұлғалардың құқықтарын қорғау мәселелері ерекше назар аударуды керек етеді. Олардың шешімі қылмыстық қудалау органдарының зорлық-зомбылық үшін жағдайларды болдырмауға, аталмыш тұлғалардың іс жүргізу құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын күшейтуге бағытталуы қажет. Қылмыспен күресті күшейтуде тергеу органдарының маңызы зор. Осыған байланысты қылмыспен күрестің тиімділігін арттыруға бағытталған шаралар, оның құқықтық реттелуі және тәжірибелік